


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(12)2025



ӨОЖ 39 (=512.122)

ҚАЗАҚТЫҢ КИІЗ БҰЙЫМДАРЫ МУЗЕЙ КЕҢІСТІГІНДЕ: ТҰСКИІЗДЕР МЕН ТҰСКІЛЕМДЕРГЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУ

С.Б. Аязбаева

Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының дәстүрлі киіз бұйымдарына, әсіресе тұскиіз бен тұскілемнің музей кеңістігіндегі этнографиялық мәніне талдау жасалады. Зерттеудің негізгі мақсаты – киіз бұйымдарының тұрмыстық-функционалдық қызметін, көркемдік ерекшелігін және олардың мәдени-символдық маңызын ашу. Автор музей қорларындағы материалдарға сүйене отырып, тұскиіздердің жасалу техникасы, қолданылған шикізаттың табиғи ерекшеліктері, аймақтық атаулары мен олардың тарихи қолданысын жүйелі түрде сипаттайды. XIX ғасырдағы сауда-экономикалық байланыстардың күшеюі нәтижесінде тұскиіздердің материалдық және көркемдік түрленуі дәлелді деректермен көрсетілген. Мақалада музейлерде сақталған нақты үлгілер – ақ киізге түсірілген оюлы тұскиіз, маржанмен көмкерілген тұскілем және құрақ техникасымен жасалған нұсқалар мысалға алынады. Зерттеу нәтижесінде тұскиіз бен тұскілемнің тек сәндік элемент емес, әлеуметтік мәртебені білдіретін, ұлттық дүниетаным мен отбасылық тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылатын мәдени мұра екендігі айқындалды. Автор бұл бұйымдардың бүгінгі музейлік құндылығын айқындай отырып, олардың этнографиялық дереккөзі ретіндегі маңызын негіздейді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің материалдық негізін Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің қор материалдары мен есеп құжаттары құрайды. Атап айтқанда, музейдің бас түсім кітабы, қабылдау актілері, қор картотекалары, сондай-ақ киіз және кілем бұйымдары қорының экспонаттары пайдаланылды. Этнография залындағы дәстүрлі тұскиіз бен тұскілемдер, соның ішінде XX ғасырға жататын «Маржанды» тұскілем, сондай-ақ 2001 жылы Т.Н. Хамзиннен сатып алынған құрақ техникасымен тігілген тұскесте зерттеудің негізгі нысандарының бірі болды.

Сонымен қатар қазақтың киіз басу, жүн өңдеу дәстүріне қатысты этнографиялық деректер, жүннің түрлері, киіздің тығыздығы мен өңдеу техникасы, матамен көмкеру тәсілдері назарға алынды. Тұскиіз бен тұскілемдердің шығу тегі, қолданылу ерекшеліктері, аймақтық атаулары этнография ғылымы тұрғысынан қарастырылды.

Зерттеуде XIX ғасырдағы Қоянды, Қарқара, Шар, Атбасар, Верный жәрмеңкелері жөніндегі тарихи деректер пайдаланып, сырттан келген маталардың қазақ қолөнеріне ықпалы анықталды. Тұскиіз бен тұскілемдердің эволюциясы киізден жасалған түрден матамен кестеленген сәндік үлгіге дейінгі даму тұрғысынан талданды.

Тірек сөздер: Тұскиіз, тұскілем, киіз, дәстүрлі қолөнер, кестелеу өнері, музей экспонаты, этнографиялық мұра, сауда-жәрмеңкелік қатынастар, мәдени құндылық.

Сілтеме жасау үшін: Аязбаева С.Б. Қазақтың киіз бұйымдары музей кеңістігінде: тұскиіздер мен тұскілемдерге этнографиялық шолу // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), 88-95 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.08

КАЗАХСКИЕ ВОЙЛОЧНЫЕ ИЗДЕЛИЯ В МУЗЕЙНОМ ПРОСТРАНСТВЕ: ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР НАСТЕННЫХ ВОЙЛОЧНЫХ И ДЕКОРАТИВНЫХ КОВРОВ

С.Б. Аязбаева

Национальный центральный музей РК (Казахстан)

Аннотация. В статье анализируется этнографическое значение традиционных войлочных изделий казахского народа, в частности настенного войлочного ковра и декоративных настенных ковров в музейном пространстве. Основная цель исследования – раскрыть бытово-функциональные особенности войлочных изделий, их художественные характеристики и культурно-символическую значимость. Опираясь на материалы музейных фондов, автор системно описывает технику изготовления настенных ковров, природные свойства использованного сырья, региональные названия и исторические особенности применения. На основе убедительных данных показана материальная и художественная трансформация настенных ковров в результате усиления торгово-экономических связей в XIX веке. В статье приводятся примеры из конкретных экспонатов, хранящихся в музеях: настенный войлочный ковер на белом войлоке, настенный декоративный ковер инкрустированный жемчугом, и варианты, созданные по мотивам технологии вышивки. В результате исследования установлено, что настенный войлочный ковер и декоративные настенные ковры являются не просто декоративными элементами, но и культурным наследием, отражающим социальный статус, национальное мировоззрение и их важную роль в семейном воспитании. Автор, определив современную музейную ценность этих изделий, обосновывает их значимость как этнографического источника.

Материалы и методы исследования. Материальную основу исследования составили фондовые материалы и учетная документация Национального центрального музея Республики Казахстан. В частности, использованы главная книга поступлений, акты приема, фондовые картотеки, а также экспонаты коллекции настенных войлочных и декоративных ковровых изделий. Основными объектами изучения стали традиционные настенные войлочные ковры и декоративный настенный ковер из зала этнографии, включая настенного войлочного ковра «Маржанды», относящийся к XX веку, а также известны как крючковые, выполненный по технологии вышивки и приобретенный у Т.Н. Хамзина в 2001 году.

Дополнительно были рассмотрены этнографические сведения, касающиеся традиций валяния войлока и обработки шерсти, разновидностей шерсти, плотности войлока и методов его обработки, способов окаймления тканью. Происхождение, особенности применения и региональные названия настенных войлочных и декоративных ковров анализировались с позиций этнографии.

В исследовании использованы исторические данные о Кояндинской, Каракаринской, Чарской, Атбасарской и Верненской ярмарках XIX века, что позволило выявить влияние привозных тканей на развитие казахского декоративно-прикладного искусства. Эволюция настенных войлочных и декоративных настенных ковров прослеживается от войлочного варианта до тканно-вышитых декоративных образцов.

Ключевые слова: настенный войлочный ковёр, декоративный войлочный настенный ковёр, традиционное ремесло, вышивка, музейный экспонат, этнографическое наследие, торговые и ярмарочные отношения, культурная ценность.

Для цитирования: Аязбаева С.Б. Казахские войлочные изделия в музейном пространстве: этнографический обзор настенных войлочных и декоративных ковров // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), с. 88-95. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.08

KAZAKH FELT PRODUCTS IN THE MUSEUM SPACE: AN ETHNOGRAPHIC REVIEW OF WALL FELT AND DECORATIVE CARPETS

S.B. Ayazbayeva

National Central Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. This article analyzes the ethnographic significance of traditional Kazakh felt products, particularly felt wall hangings and decorative wall hangings, in museum spaces. The primary goal of this study is to uncover the everyday and functional characteristics of felt products, their artistic characteristics, and their cultural and symbolic significance. Drawing on museum collections, the author systematically describes the techniques used to make wall hangings, the natural properties of the raw materials used, regional names, and historical usage. Based on compelling data, the author demonstrates the material and artistic transformation of wall hangings as a result of the strengthening of trade and economic ties in the 19th century. The article provides examples from specific exhibits held in museums: a felt wall hanging on white felt, a decorative wall hanging inlaid with pearls, and variations inspired by embroidery techniques. The study found that felt wall hangings and decorative wall hangings are not simply decorative elements but also cultural heritage, reflecting social status, national worldview, and an important role in family upbringing. The author, having determined the modern museum value of these items, substantiates their significance as an ethnographic source.

Materials and research methods. The material basis of the study consists of collections and archival records of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan. Specifically, the main inventory book, acquisition acts, fund catalog cards, as well as exhibits from the felt and carpet collection were used. The primary objects of study were traditional felt wall hangings and a decorative wall hanging from the ethnography hall, including the "Marzhandy" felt wall hanging, dating back to the 20th century, also known as hooked felt wall hangings, made using embroidery techniques and acquired from T.N. Khamzin in 2001.

Additionally, ethnographic data concerning felting traditions and wool processing, wool varieties, felt density and processing methods, and fabric edging techniques were reviewed. The origins, uses, and regional names of felt wall hangings and decorative rugs were analyzed from an ethnographic perspective.

The study utilized historical data on the Koyandy, Karkara, Chara, Atbasar, and Verny fairs of the 19th century, revealing the influence of imported fabrics on the development of Kazakh arts and crafts. The evolution of felt and decorative wall carpets can be traced from the felt version to woven and embroidered decorative samples.

Keywords: Felt wall carpet, decorative felt wall carpet, traditional craft, embroidery, museum exhibit, ethnographic heritage, trade and fair relations, cultural value.

For citation: Ayazbayeva S.B. Kazakh felt products in the museum space: an ethnographic review of felt wall hangings and decorative carpets // MUSEUM.KZ. 2025. №4 (12), pp. 88-95. DOI 10.59103/muzkz.2025.12.08

Кіріспе. Қазіргі заманда тұрмыста кеңінен пайдаланылған, алайда уақыт өте келе қолданылудан шығып, тек музейлік экспонат ретінде сақталған бұйымдар аз емес. Бұл бұйымдар қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін тереңінен танып-білуге мүмкіндік береді. Осындай сирек кездесетін, тарихи-мәдени құндылығы зор жәдігерлердің бірі – киіз бұйымдары. Қазіргі таңда мұндай бұйымдарды тек музейлерден ғана көруге болады.

Киізден жасалған дәстүрлі тұскиіздер бүгінгі күні музей қорларында сақталып, келешек ұрпаққа ата-баба өнерін, дүниетанымын, сұлулыққа деген көзқарасын насихаттаушы құнды жәдігерлердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінің қорында сақталған киіз бұйымдар – халқымыздың дәстүрлі қолөнерінің, тұрмыс-салт жүйесінің шынайы көрінісі. Аталған музейдің кілем және киіз бұйымдар

қорында жалпы саны 1760 сақтам бірлік бұйым тіркелген. Соның ішінде 136 дана тұскиіз бен тұскілем арнайы есепке алынған. Бұл көрсеткіш киіз бұйымдарының алуан түрлілігі мен олардың тұрмыстағы кең қолданылу аясын дәлелдейді.

Қазақ халқының дәстүрлі тұрмысында тұскиіз бен тұскілемнің орны ерекше. Ғалым С. Мұқанов қазақтың тұрмыстық қолданбалы өнерінің көптеген түрін, соның ішінде киіз бұйымдары мен тұскиіздердің жасалу ерекшелігін жан-жақты сипаттайды [Мұқанов, 1979: 43]. Олардың шығу тегі халықтың көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Қазақтардың көшпелі тіршілігі жеңіл әрі ыңғайлы, әрі жылу сақтайтын, ұзаққа шыдамды бұйымдарды қажет етті. Осыған сәйкес киізден жасалған бұйымдар, оның ішінде тұскиіздер - тек сәндік қана емес, функционалдық қызмет атқарған заттар болды.

Нәтижелер мен талқылау. Киіз бұйымдарының басты шикізаты – қой жүні. Қой – қазақ халқы үшін төрт түліктің ішінде ең көп өсірілген, әрі жүнінен сан алуан бұйымдар жасалатын жануар. Қой жүнінің сапасы мен құрылымы маусымға байланысты өзгеріп отырған. «Көктемгі жүн» – жұмсақ әрі иірімге оңай, сол себепті негізінен тоқыма жұмыстарында пайдаланылса, «күздік жүн» (күзем) – тығыз, беріктігі жоғары, су өткізбейтін қасиетімен ерекшеленіп, киіз басуға өте қолайлы саналған. Жабағы жүн – қыстан біртұтас ұйысып қалған өлі жүн. Жабағыны көктемде астынан жаңадан өсіп келе жатқан жүн қопсып көтереді. Үй тұрмысында көбіне қой мен түйе жабағысын қолданылған. Қойдың жабағысынан қырқылғанда тұтас алынады және бір қойдан 1-2 кг шамасында жүн алған. Бұл жүннен жасалған бұйым жылы, әрі жұмсақ болып келетіндіктен, ондан күпі, көрпе сияқты бұйымдар тіккен [Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 242].

Жүннен дайындалған бұйымдар халық тұрмысында кеңінен таралған, киіз тек үйдің ішкі кеңістігін жабдықтау үшін емес, ауа райынан қорғану мақсатында да кең қолданылды. Бұндай практикалық қасиеттерімен қатар, киіз бұйымдары эстетикалық талаптарға да сай келіп отырды. Бұйымдарға ою-өрнек жүргізу, түрлі түсті матамен көмкеру, әр аймақтың стиліне сай атау беру – бұлардың барлығы халықтың өнерге, сұлулыққа деген ерекше қатынасын аңғартады.

Киізден дайындалатын бұйымдардың ішінде «тұскиіз» ерекше орын алады. Тұскиіз – киіз үйдің ішкі кеңістігін әсемдеуге және жылу сақтауға арналған, үйдің керегесіне ілінетін сәндік бұйым. Оны халық ерте заманнан-ақ киізден дайындап, бетіне түрлі-түсті ою-өрнектер түсіріп, жиектерін барқыт немесе басқа да маталармен көмкеріп жасаған. Сонымен қатар тұскиіз эстетикалық қызметімен қатар, рәміздік мағынаға да ие болды – үй иесінің мәртебесін, тұрмыстық деңгейін білдіретін заттардың бірі ретінде қарастырылған.

Ғалым С. Тәжімұратов өзінің «Шебердің қолы ортақ» атты еңбегінде тұскиіздерге байланысты маңызды деректер келтіреді. Автордың айтуынша, дәстүрлі тұскиіздердің көлемі орташа есеппен ұзындығы 300–450 см, ені 150–200 см аралығында болған. Бұл өлшемдер тұскиіздің киіз үйдің керегесіне толығымен жайғасып, жылу мен әсемдікті қатар қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін көрсетеді [Тәжімұратов, 1977: 36]. Көлемнің мұндай үлкен болуы оның декоративтік рөлінен бөлек, функционалдық мақсатта да жасалғанын дәлелдейді.

Ғалым С. Мұқанов киіз бұйымдарының тұрмыстағы қызметі мен аймақтық ерекшеліктеріне арнайы тоқталады [Мұқанов, 1979: 56]. Кейбір аймақтарда тұскиізге балама ретінде «бітпес», «қалауыш» секілді атаулар қолданылған. Бұл атаулардың әртүрлілігі – тұскиіздің кең таралғандығын және жергілікті ерекшеліктерге сай түрлі-түрлі аталғанын аңғартады. Мысалы, Ақтөбе мен Атырау өңірлерінде оны «қалауыш», ал Орталық және Шығыс Қазақстанда «бітпес» деп атаған [ҚР Ұлттық орталық музей қоры, КП 14080] (сурет 1). Бұл атаулардың өзі тұскиіздің тек тұрмыстық қажеттіліктен туындамағанын, сонымен қатар жергілікті мәдениет пен тілдік ерекшелікті де танытатынын көрсетеді [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2014: 512].



Сурет 1. Тұскиіз (бітпес, қалауыш)
(ҚР Ұлттық орталық музей қорынан, КП 14080)

Қазіргі таңда мұндай құнды бұйымдардың басым көпшілігі музей қорларында сақтаулы. Олардың әрқайсысы – халықтың тұрмыс-салт мәдениетінен, эстетикалық көзқарасынан, қолөнер шеберлігінен хабар беретін маңызды этнографиялық дерек. Осы орайда, ҚР Ұлттық орталық музейінің этнография залындағы тұскиіз үлгілері халқымыздың бай мәдени мұрасының нақты айғағы болып табылады. Бұл жәдігерлер ұрпақтан-ұрпаққа жеткен дәстүрдің үзілмей, сақталып отырғанын көрсетеді.

Қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің бір тармағы – киіз үйдің ішкі жабдықтарымен байланысты тұскиіздер мен тұскілемдер. Бұл бұйымдар тұрмыстық мәнімен қатар, жасаған шебердің өнерін, бойына сіңірген маңызды этнографиялық мұра ретінде де бағаланады.

Осыған дәлел ретінде ҚР Ұлттық орталық музейі қорында сақталған, түскен уақыты мен иесі белгісіз тұскиізді келтіруге болады. Бұл экспонат қазіргі таңда музейдің Этнография залында, «Киіз үй» композициясының керегесіне ілінген [ҚР ҰО Музейі. Есепке алу бөлімі. Бас түсім кітабы]. Зерттеушілер бұл бұйымды дәстүрлі атауымен «бітпес» немесе жалпы қолданыстағы «тұскиіз» ретінде атайды.

Экспонаттың жасалу техникасына тоқталсақ, ол ақ киіздің бетіне қызыл және қара түсті сатин матасынан дайындалған, қазақтың дәстүрлі «қошқар мүйіз» ою-өрнегімен безендірілген. Жиіктері жасыл барқыт матамен көмкерілген. Бұл материал таңдауы мен ою композициясы – қазақ халқының көркемдік талғамын, оюмен ой салу дәстүрін және сырттан келген маталарды тұрмыстық бұйымдарда пайдаланғанын аңғартады.

Тұскиіздердің киізден және матадан жасалған түрлері кең таралғанын атап өтеді. Оның пікірінше, матадан жасалған тұскиіздер мен тұскілемдердің көбеюі – Қазақ хандығы тұсындағы сауда қатынастарының дамуы нәтижесінде пайда болған құбылыс. Яғни, сырттан әкелінген маталар қазақ қолөнерінің жаңа үлгілерін жасауға ықпал еткен.

XIX ғасырда Қазақстан аумағында сауда-экономикалық байланыстардың нығаюы тұскиіздердің материалдық және көркемдік түрленуіне жол ашты. 1848 жылы Қоянды жәрмеңкесі ашылып, кейінірек Ақмола уезіндегі Атбасар, Верный қаласындағы Қарқара, Семейдегі Шар сияқты ірі сауда орталықтары ұйымдастырылды. Бұл жәрмеңкелерде көрші мемлекеттерден металл, фарфор, маталар әкелінсе, қазақтар өз кезегінде мал өнімдерін негізгі шикізат ретінде ұсынды. Осы кезеңде жүн мен тері, киіз, күйдірілген былғары, т.б. сыртқы саудада үлкен сұранысқа ие болды.

Матаның тұрмыстық бұйымдарда жиі қолданылуы да осы кезеңмен тығыз байланысты. Қазақ шеберлері киізден жасалған бұйымдарды матамен әрлеп, жібек, пүліш, мауыт, барқыт сынды маталармен көмкеруді дәстүрге айналдырды. Нәтижесінде, тұскиіз, тұскілем, сырмақ сияқты бұйымдардың жаңа үлгілері пайда болды. Осылайша, киіз үйдің ішкі жабдықтарына сән беру мен мән беру үрдісі тереңдей түсті.

Тұскиіз бен тұскілемнің этнографиялық маңызына ерекше назар аударып, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде киіз үйдің керегесіне ілінетін бұйымның атауы тұскиіз болып қала бергенімен, оның жасалу материалы мен техникасы уақыт өте келе өзгерген [Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары, 2012: 16]

Дәстүрлі тұскілемдер, көбіне, қалың маталардан дайындалған. Олардың қатарында пүліш, барқыт, күдері, кей жағдайларда жібек, мауыт сияқты маталар қолданылған. Мұндай материалдардың таңдалуы – шебердің көркемдік талғамын ғана емес, қыз жасауының сән-салтанатын, әлеуметтік мәртебесін көрсету мақсатында болған. Мұндай жібек астарлы сәндік төсемелер халық арасында бізкесте, тұскесте немесе ілмеккесте деген атаулармен танымал [Жәнібеков, 1995: 74]

Киіз үйдің ішкі жабдықтарына жататын бұл көркем бұйымдар тек сәндік мақсатта ғана емес, тәрбиелік, әлеуметтік және тұрмыстық мәнге де ие болған. Тұскілем – тек үй ішін әсемдеудің құралы емес, сонымен қатар қазақ қыздарының жасауының ажырамас бөлігі ретінде де ерекше рөл атқарған. Тек мал немесе алтын-күміспен ғана емес, осындай қолдан жасалған бұйымдар арқылы қыздың көрген тәрбиесі, ананың қолөнер шеберлігі, отбасының тұрмыстық деңгейі көрініс тапқан.

Тұскілемнің ерекше бір пішіндік үлгісі – «П» әрпі тәрізді формасы, яғни жоғары және екі жанынан жиектеліп, төменгі жағы ашық күйінде қалдырылған. Бұл ерекшелік екі түрлі мағына береді:

1. Ырымдық мәні – қыз жасауына арналған бұйым болғандықтан, төменгі жағын көмкермей, ашық күйінде қалдыру арқылы жаңа өмірге аттанған қыздың жолы ашық, бағы байланбасын деген ырым орындалған.

2. Тұрмыстық-функционалдық себеп – тұскілем, негізінен, төсек тұсына, яғни үйдің төменгі керегесіне ілінетіндіктен, оның төменгі бөлігі көзге бірден түсе бермейді. Сондықтан, эстетикалық безендірудің негізгі бөлігі жоғарғы және екі бүйірінде шоғырланған.

Тұскілемдердің табак деп аталатын орталық бөлігі көбіне бағалы мата бетіне ою-өрнек жүргізу арқылы безендірілген. Бұл өрнектер – қазақ халқының көркемдік санасы мен символдық танымының көрінісі. Кестелеу барысында жүн, мақта, шұға, жібек жіптер пайдаланылып, өрнекке көлем мен өң берген. Сонымен қатар, жиектеріне құндыз терісімен, немесе басқа түсті қымбат маталармен көмкеру дәстүрі кең тараған.

Тұскілемдер көбінесе аналар мен әжелердің басшылығымен, қыз балалардың өз қолымен кестеленген. Шебердің шеберлігі жоғары көркемдікпен жасалған тұскиіздер, шымылдықтар, сүлгілер және т.б. бұйымдарды кестелеу өнерінде елеулі орын алды [Мұқанов, 1979: 17]. Бұл үрдіс – қазақы тәрбиенің өзегі, яғни қыз балаға еңбекке баулу, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа үйрету, әрі көркемдік талғамды тәрбиелеу жолы болған. Қыздың жасауы арқылы оның тәрбиесі, танымы, өнерге бейімділігі бағаланған. Әсіресе, тұскілемнің безендірілуі, кесте тігісі, қолданылған тастар мен маталар қыздың әкесінің байлығын, ал бұйымның нақышталуындағы дәлдік пен шеберлік – анасының қолының ұқыптылығын білдірген.

Қазіргі таңда осындай этнографиялық және көркемдік құндылығы жоғары тұскілемдердің кейбірі музейлерде сақтаулы. ҚР Ұлттық орталық музейінің этнография экспозициялық залындағы «маржанды» тұскілем – соның жарқын мысалы.

Бұл тұскілем «XX ғасырға жатады, сол дәуірге тән ою-өрнектер мен тоқу тәсілін сақтаған» және оны 1974 жылы мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков Семей өңіріне жасаған экспедициясы барысында Семей тарихи-өлкетану музейінен сый ретінде алған.

Сол жылы Ө. Жәнібеков бұл жоғары деңгейлі бұйымның бірегейлігі мен көркемдік құндылығын ескере отырып, оның әрі қарай сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұскілемді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық, яғни, бүгінгі Ұлттық орталық музейіне тапсырды [ҚР ҰО музей есепке алу бөлімі, 1974].

Маржанды тұскілемнің ерекшелігі – табағы күдері мата бетіне түрлі-түсті жіптермен кестеленіп, оған өсімдік тәрізді ою-өрнектер жүргізілген. Табағының жоғары жағы жасыл барқытпен тігілген. Жасыл барқыт мата беті 20 мыңнан астам маржан өрнектердің әрқайсысы тастармен өрнектеліп, безендіріліп, жиегі құндыз терісімен жұрындалған.

Әсемдігімен көз тартатын бұл бұйым тек сән үшін ғана емес, иесінің әлеуметтік мәртебесін, эстетикалық танымын көрсететін айрықша жәдігер.

Тұскііз немесе тұскілемді тек кестелеп, ою-өрнекпен өрнектеліп ғана емес, сонымен қатар, құрақ көрпе сияқты құрақталыпта тігілген. 2001 жылы Алматы қаласының тұрғыны Т.Н. Хамзиннен сатып алынған тұскестенің бірі ҚР Ұлттық орталық музейі 2 зал экспозициялық кешенін де қойылған. Оның енінің 136 см., ұзындығы 2,11 м. жетеді (сурет 2) [ҚР ҰО музейінің есепке алу және қор бөлімі, КП 26529].



Сурет 2. 2001 жылы Н. Хамзиннен сатып алынған «тұскесте».
(ҚР Ұлттық орталық музейі қорынан, КП 26529)

Табағы ақ, гүлді қызыл, сұр (қара) түсті матамен құрақталып ромбы тәрізделіп тігілген. Ал, жиегін қызыл түспен жүргізген.

Мұндай тұскілемдер тек тұрмыстық қолданыспен шектелмей, қазақтың көркемдік дүниетанымының, қолөнер шеберлігінің, тәрбиелік салтының, эстетикалық танымының айнасы іспетті. Әрбір тұскілем – белгілі бір дәуірдің, өңірдің, шебердің және отбасылық дәстүрдің ізі қалған құндылық.

Қорытынды. Бүгінде осы сияқты құнды мұраларды музей қорларында сақтау – ұлттық мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, әсіресе, XX ғасырдың басына тән бұйымдар – қазақ халқының мәдени өнерін, тұрмысын және эстетикасын паш ететін заттық дереккөздер ретінде маңызды. Тұскілемдер – бүгінгі ұрпаққа ата-баба қолөнерінің тереңдігін, нәзіктігін және рухани байлығын танытатын тірі мұра.

Аталған зерттеулер мен экспонаттар дәлелдегендей, тұскиіз – тек үй ішін безендіру элементі ғана емес, сонымен қатар, ұлттық руханияттың, сауда-экономикалық тарихтың және материалдық мәдениеттің көрінісі.

ӘДЕБИЕТ

- Жәнібеков Ө. Жолайрықта. Алматы: Рауан, 1995. 110 б.*
Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. 2012. 378 б.
Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2 том. 2017. 848 б.
Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Алматы: Азия Арна, 2014. 839 б.
ҚР ҰО Музейінің есепке алу бөлімі // №129. 29 мамыр 1974 ж.
ҚР Ұлттық орталық музейінің есепке алу және қор бөлімдерінің деректері КП 26529.
ҚР Ұлттық орталық музейінің есепке алу және қор бөлімдерінің деректері КП 14080
Мұқанов С.М. Казахские домашние художественные ремесла. Алматы, 1979. 120 б.
Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977. 96 б.

REFERENCES

- Zhanibekov O. Zholairykta. Almaty: Rauan, 1995. 110 p. (In Kazakh)*
Kazakh carpets and textiles. 2012. 378 p. (In Kazakh)
Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. 2 vol. 2017. 848 p. (In Kazakh)
Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Almaty: Asia Channel, 2014. 839 p. (In Kazakh)
Accounting department of the Museum of the National Autonomous Republic of Kazakhstan // No. 129. May 29, 1974. (In Kazakh)
Data of the accounting and fund departments of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan KP 26529. (In Kazakh)
Data of the accounting and fund departments of the National Central Museum of the Republic of Kazakhstan KP 14080. (In Kazakh)
Mukanov S.M. Kazakh household artistic crafts. Almaty, 1979. 120 p. (In Russian)
Tazhimuratov A. The master's hand is shared. Almaty: Kazakhstan, 1977. 96 p. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Аязбаева Сафия Бөлтекқызы – Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейінің антропология және этнология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері. ORCID: 0009-0007-5580-8655 (Самал-1/44, Алматы, Қазақстан). E-mail: Safya83@mail.ru

Сведения об авторе: Аязбаева Сафия Бөлтековна – младший научный сотрудник отдела антропологии и этнологии Национального центрального музея Республики Казахстан. ORCID: 0009-0007-5580-8655 (Самал-1/44, Алматы, Казахстан). E-mail: Safya83@mail.ru

Information about the author: Safiya B. Ayazbayeva – Junior Researcher at the Department of Anthropology and Ethnology, National Central Museum of the Republic of Kazakhstan. ORCID: 0009-0007-5580-8655 (Samal-1/44, Almaty, Kazakhstan). E-mail: Safya83@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.11.2025.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 08.12.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 22.12.2025.